

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции
«Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

7. Кормушин И. В. Цветобозначения // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. 2-е изд., доп. М.: Наука, 2001. 822 с.
8. Кошкарева Н. Б, Абжапарова М. Прилагательные-цветобозначения в роли интенсификаторов в казахском языке (в сопоставлении с тюркскими языками Южной Сибири) // Сибирский филологический журнал. 2022. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/prilagatelnye-tsvetooboznacheniya-v-rol-intensifikatorov-v-kazahskom-yazyke-v-sopostavlenii-s-tyurkskimi-yazykami-yuzhnoy-sibiri> (дата обращения: 24.05.2023).
9. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
10. Русско-кыргызский словарь: 51000 слов/ под ред. К.К. Юдахина. – Б.: «Шам», 2000. – 992 с.
11. Турганбаева Ш. С. Цветовое восприятие и природные ассоциации в культуре казахов // МНКО. 2011. №5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsvetovoe-voSPIriyatie-i-prirodnye-assotsiatsii-v-kulture-kazahov> (дата обращения: 24.05.2023).
12. Утегенова К. Т. Концепт и концептосфера: Учебное пособие / К. Т. Утегенова. Уральск: РИЦ ЗКГУ, 2020. - 269 с.
13. Эдоков, А.В. Цветовое восприятие в культуре алтайцев // Межрегиональные исследования в общественных науках [Э/р]. – Р/д: www.ino-center.ru/
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық/ Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011
15. A. v. Gabain. Vom Sinn symbolischer Farbenbezeichnung.— АОН. Т. 15. № 1—3. 1962. (Турецкий перевод: Renklerin sembolik anlamları.— «Tiirkoloji Dergisi». 3. № J. Ankara, 1968.)
16. O. Pritsak. Qara. Studie zur tiirkischen Rechtssymbolik.— «Z. V. Togan’a Armagan». Istanbul, 1955.
17. Google Translate. <https://translate.google.kz>

ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІЛЕРІНІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ШАБУЫЛ ЖҮРГІЗУ ҚАРУЫ, САДАҚ АТУДЫҢ ҰҒЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Мұсабаева А.Қ.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан,
akzat_90@mail.ru*

Аңдатпа. Тарихы терең түркілердің өзіндік өркениетін қалыптастыруда, түркі қоғамында ер атаулы «тал бесіктен тас үйінді бесігіне» дейін жауынгерлік рухта тәрбиеленді. Елді, жерді, туған жұртын қорғауды ең негізгі мақсат тұтты, бір сөзбен, түріктер асқан батырлық пен ерлікті мадақ тұтып ат жалында, қару-жарағымен ұдайы жорықтармен өмір кешті, бүкіл қоғам қашанда әскери

дайындықта, әскери өңірін күн сайын дамытып тіршілік етіп жатты. Өйткені шабуылдарға тойтарыс беру, ата жауымен ұдайы соғысу үрдістері толастаған емес еді. Қытай деректерінде түркілер туралы «оларда мүйіз нақышты садақ, ысқырма жебе, сауыт, найза, қылыш және семсер бар. Адамдары атқа мықты, садақ тартуға шебер, жаратылысынан жауыз болады...» делінген. Осыған орай түркі ортағасыр жазба ескерткіштеріндегі қару жараққа қатысты лексемаларды зерттеп зерделеу өте маңызды.

Түркі жазба ескерткіштерінде жалпы қару-жарақ жайында мол мағлұмат алуға болады. Оған деректерде жетерлік. Табылған ескерткіштерден не жазба мұра болып қалған әдебиеттерден түріктерде (түркілерде) жеңіл әрі ауыр қаруланған әскерлер болғандығын аңғаруға болады. Жеңіл тобына атты және жаяу әскерлер жатады. Онда алдыңғы саптың шапшың қимылды салт атты садақшылар тобы бар. Ендігі кезекте мақала тақырыбына сай, сол қашықтықтан атылатын қару түрі садаққа талдау жасалынады.

Түйін сөздер: жазба мұралар, сөздік, қару-жарақ түрлері, садақ, оқ, жебе, ұрыс шабуылдары, семантикалық талдау, шабуыл, жауынгер.

Abstract

The Turks' history in the formation of their own civilization is very deep. In the Turkic society, men were brought up in a fighting spirit from the so-called "cradle of willows to the cradle of stone piles", that is from birth to death. Their main goal was to protect the country, land, and their people. In one word, the Turks praised great bravery and heroism, such as living on horseback, constantly marching with weapons. The whole society was always in military preparation, because repelling attacks and constantly fighting with the old enemies hardly ever stopped. According to Chinese sources, the Turks "possess horned bows, whistling arrows, armor, spears and swords. It was said that "People are strong on horses, good at shooting bows, cruel by nature...". In this regard, it is very important to study the lexemes related to weapons in the Turkic medieval written monuments. One can get numerous occasions where Turkic written monuments mention weapons. Based on the monuments found or from the written literature, one can easily see that the Turks had light and heavy armed forces. The light group includes cavalry and infantry. There is a group of fast-moving horse archers in the front line. Next, according to the topic of the article, the type of weapon fired from that distance will be analyzed.

Keywords: written heritage, vocabulary, types of weapons, bow, bullet, arrow, combat attacks, semantic analysis, attack, warrior

Қысқарған сөздер:

КТБ – Күлтегин үлкен жазба;

қаз. – қазақша;

әз. – әзірбайджан тілі;

алт. – алтай тілі,

қалм. – қалмақ тілі;

монғ. – моңғол тілі;

орх-ен. – орхон-енисей жазба ескерткіштер тілі;

қырғ. – қырғызша;

болг. – болгар тілі;
лат. – латынша;
тув. – тува тілі;
тат. – татарша;
чув. – чуваш тілі;
як. – якут тілі;
қарақалп. – қарақалпақ тілі;
хак. – хакас тілі;
ұйғ. – ұйғырша.

Түркілер тарихында, әскердің, қару-жарақтың, айрықша маңызы болған. Сайман, сауыт, қару-жарақ сапасы мен ерекше бітімі сол замандағы алдыңғы қатарлы жетістіктердің айқын үлгісі деуге де болады. Түріктердің соғыс стратегиясы мен тактикасы алдын-ала ойластырылған ұтымды әрі кешенді болса керек, соғыстарда әсіресе жекпе-жек күрестерімен қатар, жауды алыстан садақ оғымен «жаңбырлатып» атқылау, ұзын сүнгілі найзамен түйреп таптап өту, жауды бүйірінен аяқасты соғу, қоршап алып тас-талқан ету, өзен, су, жартас секілді тығырыққа тіреп барып басып алу, аңшылап қуалап құрту секілді тәсілдер болғандығы хақ. Деректерге сүйенсек, түркі әскери қару-жарағын дайындайынын әскери корпус та болған, шебер ұсталар жұмыс атқарып, олардың жасаған қылыш, семсер, садақ, оқтары сол уақыттардағы ең жетілген қару-жарақ саналған. Сондықтан да, осы тақырыпқа қатысты лексемаларды зерттеудің маңыздылығы да баршылық.

Сондай-ақ, түркітануда қару-жарақ атауларын зерттеген ғалымдар, соның ішінде қазақстандық ғалымдар да жетерлік. Жалпы, қару түрін анықтау процесінде жіктеу және типология жағынан қарастырған алғашқылардың бірі Смирнова К.Ф. (Смирнов, 1961), Мошковой М.Г. (Мошкова, 1963), Гуцалова С.Ю. (Гуцалов, 2004) толықтырса. Ал, кейбір сұрақтар, морфологиялық, өлшемдік және терминологиялық аспектілерге қатысты материалдар Погодина Л.А. (Погодин, 1998), Кокориной С.Ю. (Кокорино, 2008), Сейткалиева М. (Сейткалиев, 2013), Фризен О.И., Яблонского Л.Т. (Фризен т.б., 2017), Иванов С.С. (Иванов С.С. 2018) тағы басқа ғалымдар қарастырған. Одан бөлек, Давлетова Улбосын, «Военная лексика каракалпакского языка» тақырыбында, Юнал Керами, «Военно-административная лексика турецко-тюркского происхождения в русском языке», Лосева-Бахтиярова Танем Валерьевна «Военная лексика тюркских языков: Названия вооружения», Байжанов Тузельбай Байжанович «Военная лексика в казахском языке», «История военной лексики в казахском языке» атты кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған.

Қазақ тілінде бүгінгі күнге дейін қару-жарақ атаулары көркем шығармалардың түрлі жанрларында кең таралуымен де сипатталады. Ол бірқатар тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді қалыптастыру үшін негізде болған. Солардың ішінде тақырыбымызға сәйкес, *садақ* сөзіне қатыстыларын мысалға келтірсек.

Атадан ұл туса игі,
Атаның жолын қуса игі.
Беліне *садақ* буса игі,
Бетіне келер ұяттан
Өзі біліп жуса игі.
Өзі біліп жумаса,
Бәрінің де жоғы игі. [1, 66 том, 48].
Ескі қаптан шаң басқан *садақ* шығады. [1, 66 том, 122].

Көне *садақты* деме,
Атқанын көрерсің.
Көне етікті деме,
Атасын білерсің. [1, 66 том, 175].

Сауда *садақпен* тең,
Иілсе бір түзелмейді. [1, 66 том, 256].

Қазіргі қазақ тілінде *садақ* сөзі бар. Ол, «жебе атуға арналып, ағаштан иіп жасаған қол қаруы. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі т.б. қатты ағаш шыбықтарын доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі садақтың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады» деп, берілген қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде. [2: 368].

Қашықтықтан лақтыратын қарудың негізгі және ең көне түрі – садақ екендігі белгілі. Оның пайда болған уақыты мезолит дәуірі (біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 10-5 мың жыл бұрын).

Атуға арналып, ағаштан иіп жасалған қол қаруы *садақ* орта ғасыр жазба ескерткіші «Диуани лұғат-ит-түрікте» *ja* деп берілген [3: 341]. Ол икемді серіппелі доғадан (ағаш, кейде сүйек және мүйізден жасалады) және доғаны тартатын адырнадан тұрады.

Көне түркі жазбалары ескерткіштерінде садақтың атауы анықталмаған.

Қарахан жазба ескерткіштерінде садақ *ja* сөзімен таңбаланған: *kılıç, balta, ok, yaу, güç, kuvvet, dürtü* «қылыш, балта, жебе, садақ – қуат, күш, екпін» [4,796]. Садақтың ортаңғы иілгіш бөлігі *ja bayru* сөз тіркесімен таңбаланған [КТб, 3, I 341], сөзбе-сөз аударғанда «садақтың бауыры».

Ja әртүрлі фонетикалық нұсқаларда қазіргі түркі тілдерінде түбір сөз болып, садақ дегенді білдіреді: түрікм. *ja:j*; қаз. *zaj, zaq*; алт. *d'a*; ұйғ., хак. *ca:zaq, ihca*; шор. *ca;zaq*; тув., тоф, са.; як. *sa*; чув. *su*.

Түркі тілдеріндегі *ja* дыбысының фонетикалық жасалуындағы айырмашылықтар тұрақты фонетикалық алмасулардың нәтижесі болып табылады. Анлаут келісімі бойынша сипатталған тілдер мыналарға бөлінеді: а) j-анлауттық – ұйғ.; б) с-анлауттық – тув. және тоф.; в) z/d'-анлауттық – қырғ. және алт.; г) s/s-анлауттық – як. және чув.

Jaj формасы кең таралған форма. Ол оғыз (түр., түрікм., гаг., өз.) және қыпшақ (қаз., ноғ., қарақалп.) топтарында, сондай-ақ өзбек (қарлұқ тобы) тілінде

берілген. Оғыз тобындағы барлық тілдерде бұл сөздің бір фонетикалық көрінісі бар – *jaj*. Шығыс қыпшаққа жататын қазақ және қарақалпақ тілдерінде фонетикалық алмасу байқалады – $j > z$.

Jaj формасы кейде ауслу j -ді кеңейтуші ретінде қарастыра отырып, *ja* формасының эволюциясының нәтижесі ретінде түсіндіріледі, яғни $ja > jaj$ [4, 553; 4, №1821] қарасақ болады.

Садақтың ортақ түркі атауының келесі нұсқасы – *jaja* сөзін *ja* түбір негізінің қосарлануы деп түсіндіруге болады. Бұл атау солтүстік және батыс қыпшақ тілдерінде (қар.(т.), қбалқ., тат., башқ., құм.) қолданылады. Мынадай фонетикалық алмасуларды байқауға болады: қбалқ. тат. (қазан диалектісі) $j > j$, құм. $j > j$.

Сібір түркі тілдеріндегі – хакас және шор (ұйғыр тобының хакас кіші тобы) садақ атауы жалпы түркі тіліндегі *ja* (хақ., шор. са:) кішірейткіш *-jaq* жұрнағын жалғау арқылы жасалған.

Садақ атауының қазақ және башқұрт тілдеріндегі нұсқасы – *zaq / jaq*, дауысты дыбыстардың түсіп қалуымен *za l ja + oq l uq* – «садақ» + «жебе» тіркесімінен жасалған болуы мүмкін.

Садақтың құрама белгісінің ұқсастығы басқа түркі тілдерінде де кездеседі: өзб. *oq-joj*, қарақалп. *oq-zaj*, ұйғ. *oqi ja*, хак. *ихса*, як. *ахса* және т.с.с.

Бұл сөздің кейбір тілдерде, мысалы, сары ұйғыр, алтай тілдерінде «жебе+садақ» тіркесінің құрамында жиі қолданылуына байланысты *ja* сөзінің мағынасы «жебе» болып берілген [5: 17].

Сонымен, түркі тілдерінің барлық топтарында мынадай құбылысты атап өтуге болады: негізгі мағыналары «жебе» және «жебеге арналған қорамсақ» сөздері «садақ» деп таңбаланады, ал «садақ» сөзі «жебе» және «қорамсақ»: қаз., қырғыз, түрікм., балт., алт. *sadaq* «жебеге арналған қорамсақ» = «садақ»; башқ. «жебе»; қаз., қырғыз., қарақалп. *zebe*, (*uha*) бір-бірімен синонимдік қатынасқа түсіп, ауыспалы мағынада қолданылады. Бұл қашықтықтан ұрыс жүргізу қаруының бір түрі – лақтыру қаруына жататын бұл сөздердің ортақ семантикалық негізінің болуымен түсіндіріледі. Заттың семантикалық туынды арқылы аталуы.

Көптеген түркі тілдерінде *ja* сөзі ауыспалы мағыналарға ие. Олар заттардың пішіні немесе атқаратын қызметіне қарай олардың негізгі ұқсастықтарынан туындайды: түрікм. «айырсадақ»; түр., өз., тат. «ысқы», «доға»; түрікм., түр., гаг., өз., «серіппе»; түрікм., түр., гаг., өз., «рессор»; өзб., қарақалп., «кемпірқосақ».

Садақтың келесі атауы – *sarza* жеке аумақты құрайды. Ол қыпшақ тобындағы тілдерді (қаз., қырғ., қарақалп., башқ., тат. және т.б.), сондай-ақ түрікмен тілін (оғыз тобы) қамтиды. *Sarza* – екі сөзден тұратын садақ түрі: *sary* «сары» және *zaj* «садақ»; тиісінше, атауға заттың түсі негіз болған. *Sarza* сөзі көбінесе эпостарда, ақын өлеңдерінде кездеседі: қаз.: «Екеуіне керегі соражның ұлы оғы еді» - «То, что нужно было обоим – это стрела лука» [6: 334]

Бұл сөздің толық формасы – *sary ja; j* «сары садақ» тіркесі түркімен тілінде садақтың бір түрінің атауы ретінде сақталған. Бұл атаудың бір тіл тобының

шеңберінен шығуы түркі халықтарының садақ жасау материалдарының ұқсастығын көрсетеді.

Түркі тілдерінде садақтың атауы, әдетте, сыртқы түріне немесе жасалатын материалына негізделген, мысалы, башқ. *Mokata jaj* «адырнасы қасқырдың сіңірінен жасалған садақ»; қырғ. *zajayul za* < парсы [*cazoil*] «жылқының немесе түйенің арқасына салып тасымалдайтын шағын зеңбірек». Садаққа қатысты *zazajyl* сөзі, бәлкім, зеңбірекке ұқсас садақтың үлкен түрін таңбалау үшін қолданылған.

Садақтар қолданылу мақсатына қарай да түрге бөлінген: аң аулауға арналған – өзі атылатын садақтар – соғыс садақтары. Алтай мен Сібірдің түркі тілдерінде ортақ түркі тіліндегі *ja* соғыс садағын білдірсе, ал өзі атылатын садақ *aja* (алт., хак., тув., як.) сөзімен беріледі. В.А. Боргояковтың пікірінше, *aja* сөзі барлық керек-жарақтарымен бірге бүкіл өзі атылатын құрылғыны білдіреді [7, 86]. В.И. Рассадин бұл сөзді шығу тегі белгілі лексикаға жатқызады [8:90].

Башқұрт тілінде *jäjä*, керісінше, «аң аулауға арналған садақты» білдірсе, ал соғыс садағының атауы *äžernä* [9: 73-74]. Бұл атау құмық тілінде – *adirne* «садақ», түркі емес бірқатар тілдерде, мысалы осетин тілінде – *aerdunae l aendurae* (*dr* -> *rd*) «садақ», қалмық - *adarana* «батырлар садағы» < ир. [**druna*] кездеседі. Орта парсы [*durūna*] «садақ; доға, кемпірқосақ», пехл. [*drön*] «садақ», пам. және [*drün*] «садақ», соғд. [**örön*] «садақ», көне үнді тілінде [*druna*] «садақ». В.И. Абаевтың пікірінше, этимологиясы жағынан бұл сөз [*dāru*], [*dru*] «ағаш» сөзімен байланысты болуы әбден мүмкін [10: 403-403].

Шағатай жазба ескерткіштерінде садақтың тағы бір атауы кездеседі. Ол парсы тілінен енген – [*katān*] сөзі. Бұл атау А. Навои, З. Бабур, М. Салихтың шығармаларында кездеседі. [*Katān*] оғыз (түр., түрікм. *keman*, аз. *kaman*) және қарлұқ тобындағы тілдерден (өзб. *kamon*, ұйғ. *kamal* (*n ~ l*)) енген. Өйткені дәл осы тілдер Иран тілдерінің ең көп әсер еткен тілдері. Қыпшақ тілдерінде, сондай-ақ солтүстік-шығыс тілдерінде бұл сөз кездеспейді.

Садақтың жебесі – ұшы немесе үшкір ұшы бар жіңішке сырық, сонымен қатар қарудың ең көне түрлерінің бірі.

Көне түркі ескерткіштерінде жебе *oq* деп аталады: *Bir erig oqun urty* «Ол бір адамды жебемен өлтірді» [КТБ, 13, 36]; моңғол тіліндегі - *uhe* «жебе» сөзімен сәйкестігі бар [14: 43].

Қарахан жазба ескерткіштерінде де жебе *oq* деп аталған. *Bašaq* сөзімен жебенің ұшы аталған; жебенің ұшына кигізілетін темір сақина *bōri* сөзімен таңбаланған; жебенің басы, қауырсын *kez* деп аталған [11, I].

Шағатай жазба ескерткіштерінде атыс және артиллериялық қарудың пайда болуы мен таралуына байланысты *oq* «оқ», «снаряд» мағыналарын да бере бастаған. Сөздің бұл мағынасы бір зат атауының екінші затқа қызметі бойынша ауысуы негізінде қалыптасқан. Жебенің ұшы бұрынғысынша *bašaq* сөзімен берілген [15: 99].

Әрбір түркі жауынгері садақпен бірге жебемен де қаруланған.

О.Прицактың пікірінше, *oq* «тайпа» деген мағынаны да берген. Мұны қытайлықтар «он жебе» ғана емес, «он тайпа» деп түсінген. Оны *on-oq* тіркесімі де растайды [16, 59].

Жебенің түркі тіліндегі ортақ атауы көне түркі тіліндегі *oq* болып қала береді: түрікм., қаз., қырғ., ноғ., қбалқ., ққалп., алт., ұйғ., сүг., тув., құм., қтат. *oq*; тур., гаг., қар., *ok*; өз., як. *ox*; өзб. *oq*; тат., башқ. *uq*; хак. *ix*; чув. *uhă*.

Түркі тілдері топтарындағы сөздің фонетикалық көрінісіне қатысты мынаны атап өтуге болады: артқы тілді аулаут дауыссызы тілдердің басым көпшілігінде сақталады: қыпшақ және қарлұқ топтарының тілдерінде - *q*, әзірбайжан тілінде (оғыз тобы), якут және хакас тілінде (ұйғыр тобы) $q > x$. Түрік, түрікм., гаг. (оғыз тобындағы тілдер) бастапқы артқы тілді *q* алға жылжуға бейім: $q > k$.

Тат., башқ., хак. тілдерінде жуан дыбыстың жіңішкеруі $o > u$ бұл тілдерде бір буынды сөздердегі және әдетте, түркі тіліндегі төл сөздердің бірінші буынындағы жуан дауыстылардың жалпы жіңішкеру үрдісіне байланысты. Сондай-ақ өзбек тіліндегі жартылай жіңішке *o* салыстырыңыз.

Ұйғыр тілінің диалектісінде *oq* – «ату» мағынасындағы етістік. *Oq-oq-* ең көне дәуірлерге жататын лексика-морфологиялық синкретикалық түбір.

Э.В. Севортянның пікіріне сүйенсек, жебенің (және садақтың) чуваш тіліндегі атауы - *uhă* – аталған жұптың етістігінен жасалған [17: 25].

Ұқсастығы бойынша байланысы негізінде (жебенің ұзын сабы) түркі тілдерінде *oq* сөзінің ауыспалы мағыналары пайда болды: түрікм., өз., қырғ., өзб., ұйғ. «білік»; түр., ұйғ. «дөңгелектің білігі»; түр., өз., гаг., қтат. «оқ ағаш»; өз. «сырық», «білік»; түр. диал. «шатырға қойылатын жуан тіректер», «тас үйдің қабырғалары арасындағы байланыстырғыш арқалық», «арық, егістіктегі су жүретін атыз», «егістіктің жіңішке тартылған бөлігі»; өзб. «піспек» (май піскіштегі).

Жоғарыда атап өткеніміздей, сары ұйғыр, якут тілдерінде *oq* «садақ» дегенді де білдіреді - бұл атау қарудың бір түріне қатысты мағыналардың күрделі байланысы принципіне байланысты.

Шығыс қыпшақ тілдерінде – қазақ, қырғыз, ққалп. - «жебе» мағынасын беру үшін *oq* сөзінен басқа *žebe* сөзі қолданылған, шамасы моңғол тілінен шыққан (< моңғ. *zebe* «садақ жебесі»). Мұндай кірме сөз кейбір түркі тілдерінде *oq* мағынасының кеңеюімен байланысты пайда болды деп болжауға болады, өйткені жоғарыда атап өткеніміздей, орта түркі дәуірінде *oq* сөзі өзінің семантикалық ауқымын кеңейтіп, «садақ жебесін» ғана емес, «оқ», «снарядты» да белгілей бастайды.

Жоғарыда айтылғандай, аталған тілдерде *žebe* «садақ», «жебеге арналған қорамсақ», сондай-ақ «жебе сабы» дегенді білдіреді. Барлық атаулар лақтыру қаруының бір түріне жатады.

Л.З. Будагов соған сөзін *soq*-тан шыққан «ату, соғу» [18, II-404] деп санайды. Дегенмен, семантика тұрғысынан алғанда түркі тіліндегі ортақ омоним *soq-* «кіргізу, сұғу, сығымдау, салу» мағынасында сөз тудырушы түбір болса, дұрысырақ сияқты.

Soq- етістігінен жебе ұшы атауларының бірі – *soqum* да жасалған «ағаштан жасалған үш қырлы ысқыратын жебе» [3, I – 397] <*soq*-+ *-um* жұрнағы.

Сібірдегі түркі-хакас және якут халықтарының эпосында ұрыс жебелерінің атауы – *hosto / kustuk*. Хакастардың батырлар жырында *hosto* ұзаққа ұшатын, отқа төзімді, қос ұшты жебе деп сипатталған; ол жауды басып озып, иесіне оралған деседі. Қазіргі хакас тілінде *hosto* «күрлықаралық ракета» мағынасында қолданылады. Орта ғасырларда Хакасия халқы оңтүстік көршілерінің арқасында мылтықпен бұрыннан таныс болуы әбден мүмкін.

Э.А. Пекарскийдің шығу тегі белгісіз якут тіліндегі *holo* сөзін «өзі атылатын садақ орнатылатын ағаш тақтайша» *hol~kol* «малдың алдыңғы аяғы, адамның қолы» деп айтуы [19, II-1823) *koloq* сөзін *kol* «қол» + *oq* «жебе» тіркестерінен құралған деуге негіз болады.

Жебелер түрі мен жасалу материалы бойынша ерекшеленген. Бұл олардың түркі тілдеріндегі атауларында көрінеді. Түркі халықтары пайдаланған материалдар мен жасау техникасы ұқсас болған; географиялық ерекшеліктеріне байланысты материалдың түрлері ғана өзгеріп отырған.

Жебелер арнайы ағаш түрлерінен: қайың, қарағай, еменнен жасалған, сонымен қатар қамыс та қолданылған. Ағаш алдымен бірнеше жыл кептіріліп, ерекше жағдайларда сақталған, сондықтан жебелер берік және жеңіл болған. Осы мақсатта қамысты қолдану өте тиімді саналған: шикізат ретінде арзан, бастапқыда жеңіл, одан жебе жасау техникасы да қарапайым саналған. Мысалы: қаз. *qatys oq* «қамыс жебе».

Сонымен түркі тілдерінің барлық топтарында қайыңнан жасалған жебе атауын кездестіруге болады: түрікм. *gajyn oq* (оғыз тобы), қаз. *qajyn oq* (қыпшақ тобы), өзб. *qajin oq* (қарлұқ тобы), хак. *hazyn ux* (ұйғыр тобы).

Жебенің ұшы темірден (түрікм. *demrenli rejkamly oq* «ұшы темір жебе»), мыстан (башқ. *ež bašaqly uq* «ұшы мыс жебе»), тастан (башқ. *taš bašaq* «ұшы үшкір тас»), жануарлардың мүйізінен (башқ. *mögöz bašaq* «ұшы мүйізден жасалған») жасалған. Кейде тиімдірек болу үшін оған жыланның уын жаққан.

Шеберлер жебеге көбірек күш беру үшін түйе майын да қолданған. Осылайша, қазақ және басқа түркі тілдерінде *semiz oq* «майланған жебе» атауы пайда болған. Жебе түрлері мұнымен бітпейді. Мысалы, жауды аттан түсіру үшін қазақтар *qozu žauryn oq* «басы қозының иығына ұқсайтын жебені», ал бейбіт уақытта ату жаттығулары үшін *doyal oq* «доғал жебе» қолданған. Башқұрттар *tırap uq* - «ұшу жоқ доғал жебемен» қоян атқан; осы сияқты жебемен - *tıraj baš uq* дұшпанының бетін, самайын көздеп атқан, өйткені темір сауыт киінген дұшпанның жебе тиетін ашық жері беті ғана болған [9: 40].

Жебе нысанаға дәл тиюі үшін оның ұшына аздап қойдың немесе түйенің жүнін, сондай-ақ қарға немесе тауықтың қауырсынын байлаған. Мұндай түрлері садақтың құрамдас атауларынан байқалған, мысалы: қаз. *qarya žündi qatys oq* «қарға қауырсыны байланған қамыс жебе»; түрікм. *ič elekli gajyn oq* «үш қауырсын байланған қайың жебе»; қырғ. *kanattu: oq* «қауырсынды жебе» және т.с.с.

Жебелер көлемі жағынан да әртүрлі болған: қаз. *on eki tutam oq* «он екі тұтам жебе», *alpys kez oq* «60 кез жебе» (71,12 см); қырғ. *ögüz belindej ža*: «өгіз арқасындай жебе»; башқ. *tuuyž totam uq* «тоғыз тұтам жебе» және т.с.с.

Қорытындылай келе, лақтыратын ең көне қарудың мағыналарын беру кезінде атаулардың тікелей алмасуына негізделген семантикалық деривация тәсілі байқалады: «садақ», «жебе» деген сөздер бір-бірімен алмастырылып қолданылады. Екі ұғымның қарудың бір түріне – лақтыратын қаруға жататындығына байланысты мұндай алмастыруға жол беруге болады. Садақ пен жебе түрі, көлемі, жасалу материалы жағынан ерекшеленді, бұл олардың атауларында көрініс тапты. «Садақтан ату» ұғымын жеткізу үшін - *oq at-* және *oqla-* деген екі етістік қолданылады, екеуінің де құрамында көне түркі *oq* «жебе» сөзі бар. Уақыт өте келе олардың екіншісі – *oqla* «Қаруды оқтау, қайта оқтау» деген мағынаға ие болды. «Садақшы» ұғымы «садақ» немесе «жебе» сөзіне - *çy* сөз тудырушы жұрнағын жалғау немесе осы сөздердің *at-* «тастау, лақтыру, ату» етістігімен тіркесімі арқылы беріледі. Қырғыз және сібір түркі тілдерінде *at-* орнына бұл тіркесімде *tart-* «тарту» етістігі қолданылғандығы белгілі болды.

Әдебиет

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық, - Астана: “Фолиант”, 2010. 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 350 б.
2. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997. – 368 б.
3. Махмуд Қашқари «Девону Луғот-ит турк» Т. I-III, Тошкент, 1960-1961, 1963г. – 341б.
4. Юсуф Хос Хожиб «Қутадғу билиг». Транскрипция ва хозирги узбек тилига тафсиф Қаюм Каримов. Тошкент, 1971г. – 796с.
5. Pedersen H. Türkische Lautgesetze // ZDMG, 1903y. Bd.57/N 3.
6. «Батырлар жыры», Т. I-II, Алматы, 1961ж. – 334б.
7. Боргояков В.А. Лексика охоты и рыболовства в диалектах хакаского языка. Дис...канд.филоло.наук.Москва, 2001г. – 22с.
8. Рассадин В.И. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1991г. 251с.
9. Руденко С.И. Башкиры. Историко-этнографические очерки. Москва – Ленинград, 1955г. – 376с.
10. Абаев В.И. Историко-этимологический словарь осетинского языка. Т. I-IV, М-Л., 1958-1989гг. – 448с.
11. Навоий асарлари луғати. Тошкент, 1972 г. – 782б.
12. Doerfer G. Türkische und mongolische Elemente im Neu-persischen. T.I-III. Wiesbaden, 1963-1965, 1967y. 557-671pp.

13. Лосева-Бахтиярова Т.В. Военная лексика тюркских языков (названия вооружения) Дис...канд.филоло.наук. Москва, 2005г. – 293с.
14. «Памятник в честь Кюль-Тегина», большая надпись. С.Е.Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951г. – 221с.
15. Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. М., 1962г. – 373с.
16. Pritsak O. Stammensnamen und Titulaturen der altaischen Volker//VAJb, 1952. Bd. XXIV, N.1-2. – 53р.
17. Севортьян Э.В. О тюркских элементах в «Русском этимологическом словаре» М. Фасмера//Лексикографический сборник, вып.V. М.:Изд-во АН СССР, 1968, с.11-29.
18. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т.І-ІІ, СПб., 1869-1871гг. – 829с.
19. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Т.І-ІІ-ІІІ. Л., 1909-1929гг. – 1228с.

TÜRK VE AVRUPA DİLLERİNDE “GÖKKUŞAĞI” SÖZCÜĞÜNÜN ADLANDIRILMASI

Öncül V.

L.N. Gumilyev Avrasya Milli Üniversitesi

Astana, Kazakistan

[*vilice1@hotmail.com*](mailto:vilice1@hotmail.com)

Köse D.

Yabancı Diller Semerkand Devlet Enstitüsü

Semerkand, Özbekistan

dursunkose57@gmail.com

Öz. Varlıkları birbirinden ayıran en temel özellik adlarıdır. Adlandırıldığında o varlık bilinmiş olur. Adlandırma her toplumda aynı şekilde yapılmaz. Bu çalışmada “gökkuşağı” sözcüğünün farklı dil ailelerinde adlandırma şekli araştırılmıştır. Altay dil ailesindeki Türkçe ve Avrupa dil ailesi “gökkuşağı” sözcüğü esas alınarak karşılaştırılmış, Türk dillerinde “gökkuşağı” kelimesinin anlamsal, Avrupa dillerinde ise görsel algı üzerinden değerlendirildiği sonucuna ulaşılmıştır. Araştırmada nitel araştırma yöntemlerinden doküman incelemesi yöntemi kullanılmıştır.

Anahtar sözcükler: Dilde adlandırma, Altay dil ailesi, Türk dilleri, Avrupa dil ailesi, gökkuşağı, görsel algı, metafor.

Abstract. The most basic feature that distinguishes entities from each other is their names. When it is named, that entity becomes known. In this study, the naming method of the word “rainbow” in different language families was investigated. Turkish Altay language family and European language family have been compared based on the word “rainbow”; It has been concluded that the word “rainbow” is evaluated semantically in